

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2020 жылдың 14 шілдесі

KASE биржалық нарықтың 2020 жылдың бірінші жартыжылдығының жұмыс қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2020 жылдың бірінші жартыжылдығының биржалық нарықтың жұмыс қорытындысы туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 61 499,7 млрд теңгені құрады, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,3 % немесе 803,6 млрд теңгеге өсті.
- Акциялар нарығында сауда-саттық көлемі 33,8 % немесе 16,1 млрд теңгеден 63,6 млрд теңгеге дейін өсті.
- МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі 2,1 есе өсіп, 2 322,4 млрд теңгені құрады.
- KASE Индексі мәні 0,9 % төмендеп, 2 343, 21 нүктені құрады.
- Акциялар нарығын қаржыландыру алты айда 0,4 % немесе 17,3 трлн теңгеге дейін өсіп, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 11,6 % өсіп, 13,5 трлн теңгені құрады.
- 2020 жылдың басынан бері KASE сауда-саттық тізімінде 11 эмитенттің шығарған 28 облигациялық шығарылымы енгізілді, олардың екеуі KASE алғаш рет листинг рәсімінен өтті.
- 2020 жылдың 01 шілдесіндегі KASE сауда-саттық тізімінде 182 эмитенттің шығарған 443 бағалы қағаздары орналастырылды
- 2020 жылдың 01 шілдесіндегі жағдайы бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 122 353 жеке шот тіркелді, ол жыл басына қарағанда 4 658 шотқа артық.

ӨЗЕКТІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2020 жылдың алты айында KASE келесі жобалар жүзеге асырды:

- 2020 жылдың 17 маусымында "KASE Talks" жобасы аясында RG Brands және "RESMI" компаниялар тобы Директорлар кеңесінің Төрағасы Қайрат Мажибаевтың қатысуымен ашық дәріс өткізілді.
- 17 наурызда "НУХ Байтерек" АҚ және оның еншілес ұйымдарының өкілдерінің қатысуымен конференц-қоңырау арқылы орталық контрагенттің жұмыс тетігі мен принциптері мәселелері бойынша дөңгелек үстел өткізілді.
- KASE қолдауымен 2020 жылдың 12 наурызында Cbonds "Қазақстан Республикасының борыштық нарығы" IV дөңгелек үстелі өткізілді. KASE Басқармасының Төрайымы Алина Алдамберген және Басқармасының Төрайымының орынбасары Наталья Хорошевская бағалы қағаздар нарығы бойынша екі секцияның модераторы болды.
- KASE 2020 жылдың 05 наурызында сауда-саттық алаңында қамтылмаған купондық облигациялардың шығарылымы аясында "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ еурооблигацияларын орналастыру аясында Road Show өткізілді.

- KASE Young Presidents' Organization Kazakhstan (YPO Kazakhstan) бірлесе отырып, 2020 жылдың 04 наурызында БҰҰ "Тұрақты ор биржалары" бастамасы және "БҰҰ әйелдер" құрылымының бастамасының аясында "Ұйымның тұрақты дамуы: гендерлік теңдік" конференциясын және Биржаның қор нарығында Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттықтар ашу рәсімін өткізді.
- 2020 жылдың 27 ақпанында KASE "Қазақстанның Тұрғынұйқұрылысбанкі" АҚ Басқармасының Төрайымы Ләззат Ибрагимованың қатысуымен "KASE Talks" жобасы аясында ашық лекциясын өткізді.
- KASE 2020 жылдың 25 ақпанында Назарбаев Университетінің "Master of Science in Finance" бағдарламасының магистранттарына арналған таныстыру семинарын өткізді. Семинар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "ҚРҰБ Оқу орталығы" АҚ базасындағы "Назарбаев Университет" ААҚ жоғарғы бизнес мектебімен ынтымақтастықта өткізілді.
- 2020 жылдың 18 ақпанында Тараз қ. KASE Жамбыл облысының әкімдігімен бірлесіп, Қазақстан ор нарығында қаржы тарту мүмкіншіліктері туралы дөңгелек үстел өткізілді.
- KASE 2020 жылдың 05 ақпанында қазақстандық компаниялардың қызметкерлерінің отандық қор нарығы туралы хабардарлығын арттыру мақсатында "Қор нарығының негіздері" тақырыбына ақпараттық-түсіндіру семинарын өткізді.
- 2020 жылдың 31 қаңтарында KASE негізінде "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ (ҚДБ) теңгемем деноминацияланған еурооблигацияларын орналастыру аясында Road Show өткізілді.
- 2020 жылдың 29 қаңтарында KASE Tengri Partners бірлесіп, Қазақстанда Purchasing Managers' Index (Индекс PMI) іскерлік белсенділік индексіні енгізуге арналған брифинг өткізді.

АКЦИЯЛАР

Жыл басынан бері акциялар нарығының капитализациясы 0,4 % немесе 66,2 млрд теңгеге өсіп, 17,3 трлн теңгені (42,8 млрд USD) құрады.

Маусым айының аяғында KASE ресми тізімінде 138 эмитенттің 122 акциялары орналастырылды, олардың ішінде листингілік емес бағалы қағаздар секторында үш компанияның акциялары айналысқа жіберілді.

Жыл басынан бері Биржаның ресми тізімінен үш атаулы жай акциялар шығарылды, олардың ішінде екінші тоқсанда эмитенттің бастамасымен "Теміртау электрометаллургиялық комбинаты" АҚ жай акциялары. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 530,3 млн теңгені құрады, мәміленің орташа күндік саны – 682, бір мәміленің орташа күндік көлемі – 0,8 млн теңге.

Алғашқы нарық көлемі 2,0 млрд теңгеге бағаланады. 2020 жылдың екінші тоқсанында сауда-саттық жүйесінде "БАСТ" АҚ KZ1C00001015 (BAST) өзінің 134 425 жай акцияларын орналастырды. Жасалған мәміленің құны 12 500-28 000 теңге аралығында. Инвесторлар аясында сауда-саттықтың 95,9 % заңды тұлғаларға, 4,1 % – жеке тұлғаларға келді.

Акциялардың қайталама нарығында сауда-саттық көлемі 29,6м% артып, 61,6 млрд теңгені құрады.

Қайталама нарықта инвесторлардың негізгі санаты ішінде жеке тұлғалардың үлесі акциялармен мәмілелердің жалпы айналымының 55,3 % құрады. Екінші деңгейдегі банктердің үлесі (ЕДБ) 0,4 % құрады, брокер-дилерлер – 16,7 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі – 6,4 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 21,1 %. Бейрезиденттердің қатысуы 11,1 % бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

2020 жылдың басынан бері KASE Индексі 0,9 % немесе 20,58 нүктеге дейін төмендеп, 2 343,21 нүктені құрады.

Эмитент	Сауда-саттық коды	Жыл басынан бері		
		01.01.2020	01.07.2020	баға өзгеруі
"Казатомпром" ҰАК АҚ	KZAP	5 218,00	5 634,98	+8,0%
"Kcell" АҚ	KCEL	2 330,00	2 505,03	+7,5%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 624,00	1 726,95	+6,3%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	226,10	230,00	+1,7%
"Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ	HSBK	131,00	128,43	-2,0%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	27 100,00	25 300,00	-6,6%
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 630,02	2 320,00	-11,78%
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 035,90	791,04	-23,6%

2020 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша индекстік себет өкілдерінің арасында өсім лидері болған "Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы" (KZAP) жай акциялары, олар жыл басынан бері бағасы 8,0 % өсіп, 5 634,98 теңгені құрады. Аталмыш акциялардың динамикасы қарастырылып отырған кезеңдегі айтарлықтай құбылмалылығын көрсетті. Жахандық қор индексінің құлдырауы аясында "Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы" АҚ жай акциялары KASE сауда-саттық алаңында 10 наурызға қарай бір данаға 4 707,01 теңге деңгейіне дейін құлдырап, KASE алаңында қағаздардың айналым алаңындағы кезеңде төменгі деңгейді көрсетті (-9,8 % жыл басында). Уранның споттық бағасы өсуі аясында акциялар бағасының қарама қайшы тренді осы белгіден бастап есептелді, 09 сәуірде құны бір фунтқа \$29,60 құрады (UxC Broker Average Price) – 2016 жылдың наурызынан бастап, ең жоғарғы көрсеткіш. Уранның бағасының өсімінің себебі логистикалық тізбектердің жұмысының тоқтауы мен ірі солтүстік америкалық рудниктердің нарықтағы сақталған сұранымның өзінде жабылуы болып табылады. Уран коронавирус пандемиясы кезеңінде қымбаттаған сирек активтердің бірі болып табылады. Сонымен, 01 шілдедегі жағдай бойынша Чикаго товар биржасында (CME) уранның фьючерсі \$31,40 деңгейінде саудаланып, бағасы жыл басынан бері 26 % қымбаттады. 05 мамырға қарай бір акцияның құны KZAP 6 237,00 теңгеге жетті, KASE атом компаниясының бағалы қағаздарымен сауда-саттық кезеңінің барлығында ең жоғарғы мәні болып табылады (+32,5 % наурыздағы минималды мәніне). Компания акционерлері 18 мамырда өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 2019 жылға таза табысының шамамен түзетілген таза пайданың 70 % немесе 99 млрд теңгені дивиденд төлеуге жіберуге шешім қабылдады (бір акцияға немесе ЖДҚ 381,72 теңге), сонымен қатар, жалпы сомасы теңгемен баламасы бойынша 200 миллион АҚШ долларынан кем емес дивиденд төлеу бойынша өзінің дивидендтік саясатына бейілділігін сақтады.

Kcell жай акцияларының өсімі бірінші жартыжылдықта 7,5 % өсіп, 2 505,03 теңгені құрады. Мобильдік оператордың акцияларының баға белгілеулерінің тренді артуы, азаматтардың жаппай ошаулануымен және карантиндік шараларға қатысты интернет желісіне қосылу қызметіне сұранымның артуымен байланысты. Талдау кезеңінде Fitch Ratings агенттігі "Kcell" АҚ эмитенті дефолттың ұзақ мерзімді рейтингін BB деңгейінен BB+ деңгейіне дейін арттырды, болжам "Тұрақты". Агенттіктің талдаушылары компания рейтингінің жақсаруының үш себебін көрсетті: пандемияның роуминг қызметінің кірісіне едәуір әсер етуі, мобильдік оқшауланған байланыс нарығының бірқалыпты левереджі мен шоғырлануы. 28 мамырда "Kcell" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті, онда акционерлер 2019 жылға 9 миллиард теңгені (бір акцияға немесе ЖДҚ 45 теңге) дивиденд төлеуге жұмсауға, солайша дивидендтік төлемін 2018 жылдың төлемімен салыстырғанда 1,5 есе арттырғаны туралы хабарлады.

Бағаның минималды төмендеуі "КазТрансОйл" АҚ жай акциялары бойынша тіркелген, олар 23,6 % ға немесе 791,04 теңге дейін төмендеп, 2016 жылдың деңгейіне дейін түскен. "КазТрансОйл" АҚ акцияларының құнын төмендетуге, алдымен, бұрынғы жағдайда ОПЕК+ мәмілесін бұзуға ықпал етті және корорнавирустың таралуы жағдайында экономика

субъектілерінің белсенділігінің төмендеуіне байланысты мұнайға деген сұранымның жахандық төмендеуі әсер етті. Ол өз кезегінде мұнай баға белгілеуінің құлдырауына әкеп соқты. 16 сәуірде компания 2020 жылдың бірінші тоқсанына өндірістік қызметінің нәтижесін хабарлады, оған сәйкес мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы 10,7 млрд тонна-километрге азайды, ол 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 538 млн тонна-километрге аз. Өндірістік қызметтің көрсеткіші төмендеуі 2020 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша қаржылық көрсеткішінде жартылай көрінді. Сонымен, 2020 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша "КазТрансОйл" АҚ шоғырландырылған түсімі 56,8 млрд теңгені құрады, ол 2019 жылдың бірінші тоқсанындағы қорытындысына қарағанда 5 % аз. Компанияның шоғырландырылған таза табысы бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,6 % азайып, 13,4 млрд теңгені құрады. "КазТрансОйл" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында 27 мамырда 2019 жылға дивиденд төлеуге 45,4 миллиард теңгені (бір акцияға 118 теңге) жұмсауға шешім қабылданды, ол 2018 жылға қарағанда 13,5 % артық.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2020 жылдың алты айының қорытындысы бойынша биржада сатылған корпоративтік борыштың көлемі 11,6 %-ға немесе 1 408,2 млрд теңгеге немесе 13,5 трлн теңгеге (33,5 млрд АҚШ долл.) дейін өсті.

Биржаның сауда-саттық тізімдерінде 2020 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша 73 эмитенттің 264 шығарылымы болды. 2020 жылдың алты айында 11 эмитенттің 28 шығарылымы KASE ресми тізіміне енгізілді, оның ішінде екінші тоқсанда бес эмитенттің он облигацияларының он шығарылымы листинг процедурасынан өтті.

Жыл басынан бері 12 эмитенттің 20 корпоративтік облигациялар шығарылымы KASE ресми тізімінен шығарылды, оның ішінде 19 шығарылым облигациялардың айналыста болу мерзімінің аяқталуына байланысты және біреуі эмитент өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шығарылды.

KASE_BMY индексі (негізгі сауда-саттық алаңының корпоративтік облигацияларының кірістілік индексі) жыл басынан бері 15 нүктеге өсіп, жылдық 10,99 % құрады.

2020 жылдың алғашқы алты айында корпоративтік борыштар нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 867,5 млрд теңгені құрап, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 45,9 %-ға немесе 737,2 млрд теңгеге төмендеді. Төмендеу бастапқы (34,4 %-ға) және қайталама нарықтарда (62,2 %-ға) байқалды. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 7,2 млрд теңгені құрады, күн сайын жасалған транзакциялардың саны – 9, бір транзакцияның орташа көлемі – 820,8 млн теңге.

Барлығы Биржада 12 эмитенттің 20 облигациялар шығарылымы орналастырылды. Жалпы тарту көлемі 615,0 млрд теңгеге жетті, оның ішінде екінші тоқсанда 382,1 млрд.

- "Баспана" Ипотекалық ұйымы" АҚ KZ2C00006328 (BASPb5), KZ2C00006336 (BASPb6), BASPb7 (KZ2C00006476) и KZ2C00006484 (BASPb8) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі 10,74 %, 10,70 %, 11,38 % және 11,16 %-бен орналастырып, 143,8 млрд теңге тартты;
- "ҚазАгроФинанс" АҚ өтеуге дейін мерзімі 4,9 жыл KZ2C00006385 (KAFIb9) және KZ2C00006781 (KAFIb10) облигацияларын жылдық 13,00 %-бен орналастырып, 23,0 млрд теңге тартты
- "Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны" АҚ өтеуге дейін мерзімі 6,5 жыл KZ2C00004539 (ORPTb1) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,50 %-бен орналастырып, 150,3 млн теңге тартты;
- "ТехноЛизинг" АҚ KZ2P00006299 (THLZb1) облигацияларын жылдық 17,32 %-бен орналастырып, 1,2 млрд теңге тартты
- "СевКазЭнергео" АҚ KZ2C00006500 (SKENb3) облигацияларын жылдық 13,75 %-бен орналастырып, 5,0 млрд теңге тартты
- "First Heartland Jýsan Bank" АҚ он жылдық KZ2C00002913 (TSBNb27) облигацияларын жылдық 0,01 %-бен орналастырып, 15,0 млрд теңге тартты

- "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ 13 айлық облигацияларының 4 шығарылымын жылдық 12,5 %-бен орналастырып, 129,2 млрд теңге тартты
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ KZ2C00006161 (AGKKb12) облигацияларын жылдық 10,75 %-бен орналастырып, 11,2 млрд теңге тартты
- "Нұрбанк" АҚ 15-жылдық KZ2C00006070 (NRBNb16) облигацияларын жылдық 4,00 %-бен орналастырып, 46,8 млрд теңге тартты
- "KEGOC" АҚ 15-жылдық KZ2C00006658 (KEGСb3) облигацияларын жылдық 12,00 %-бен орналастырып, 9,0 млрд теңге тартты
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ он жылдық KZ2C00004273 (BRKZb14) және жиярма жылдық KZ2C00006765 (BRKZb18) облигацияларын тиісінше жылдық 11,0 % және 0,15 %-бен орналастырып, 30,6 млрд теңге тартты;
- "Бәйтерек девелопмент" АҚ он жылдық KZ2C00006807 (BTDVb4) облигацияларын жылдық 6,02 %-бен орналастырып, 200,0 млрд теңге тартты

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша екінші деңгейдегі банктердің үлесі 20,7 %, брокер-дилерлер - 1,4 %, басқа институционалды инвесторлар - 37,4 %, басқа заңды тұлғалар - 40,5%, жеке тұлғалар - 0,1% - дан аз. Резидент еместердің үлесі 1,8 % құрады.

Облигациялардың қайталама нарығында алты ай ішінде сауда-саттық көлемі 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 62,2 % -ға немесе 415,1 млрд теңгеге төмендеп, 252,6 млрд теңгеге жетті.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша екінші деңгейдегі банктердің үлесі 10,8 %, брокерлік-дилерлер 11,5 %, басқа институционалды инвесторлар - 17,5 %, басқа заңды тұлғалар - 56,7 %, жеке тұлғалардың үлесі - 3,5 %. Резидент еместердің үлесі 3,8 % құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

Биржада саудаланатын мемлекеттік қарыздың көлемі номиналды көрсетілімде жыл басынан 16,6 % немесе 2,2 трлн теңгеге өсіп, 15,1 трлн теңгені (37,5 млрд. АҚШ доллары) құрады.

Биржадағы МБҚ сауда-саттығының жалпы көлемі 2222,4 млрд теңгені құрап, 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 2,1 есе өсіп, 1 215,7 млрд теңгені құрады. Екінші тоқсанда сауда-саттық көлемі 1490,9 млрд. теңгені құрады.

Қайталама нарықтағы орташа күндік сауда-саттық көлемі 4,2 млрд. теңгені құрады, орташа күндік мәмілелер саны - 5, қайталама нарықтағы бір транзакцияның орташа көлемі - 0,9 млрд теңге болды

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 2 есеге немесе 932,3 млрд. теңгеге немесе 1821,5 млрд. теңгеге дейін өсті. Оның ішінде 445,2 млрд.теңгені 14 облыс пен республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент әкімдіктері тартты. Қаржы министрлігі орташа сараланған кірістілігі жылына 9,47–11,1 %-бен (жылдық 9,47–12 %) 1 376,4 млрд. теңге тартты.

2020 жылдың екінші тоқсанында орналастыру көлемі 1 287,8 млрд.теңгені құрады, оның 421,8 млрд.теңгесін әкімдіктер, Қаржы министрлігі 866,0 млрд.теңге тартты. Қаржы министрлігінің орналастыру аукциондарындағы мөлшерлемелер жылдық 10,2–11,0 % аралығында болды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша екінші деңгейдегі банктер 21,1 %, брокер-дилерлер - 0,2 %, басқа институционалды инвесторлар - 54,2 %, басқа заңды тұлғалар 24,5 %, жеке тұлғалар - 0-ден төмен , 1 %. Резидент еместердің үлесі 0,01% құрады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2,3 есе өсіп, 500,8 млрд. теңгеге жетті. Ұлттық Банктің ноталарымен қайталама нарықтағы сауда-саттық үлесі жоғары деңгейде - жалпы сауда көлемінің 74,4 %. Шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер көлемі 1,0 млрд. теңгеге жетті.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша екінші деңгейдегі банктердің үлесі - 41,3 %, брокер-дилерлер - 1,7 %, басқа институционалды инвесторлар - 48,9 %, басқа заңды тұлғалар - 8,0 %, жеке тұлғалардың үлесі 0,1 % құрады. Резидент еместердің қатысуы 3,7 % бағаланады.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде төрт халықаралық қаржы ұйымдарының 28 облигациялар шығарылымы болды: Азия Даму Банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкі және Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

2020 жылдың басынан бастап Халықаралық қаржы корпорациясының облигацияларының бір шығарылымы ресми тізімге енгізілді.

Екінші тоқсанда екі ХҚҰ облигацияларының үш шығарылымы айналым мерзімінің аяқталуына байланысты ресми тізімнен шығарылды: Еуропалық қайта құру және даму банкінің облигациялары және Еуразиялық даму банкінің облигациялары.

Өткен кезең ішінде сауда-саттық көлемі 14,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 95,8% немесе 319,6 млрд. теңгеге төмен.

Бастапқы нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 13 млрд. теңгені құрады - Халықаралық қаржы корпорациясы жазылым арқылы 13,0 млрд.теңге тартты, екі жылдық халықаралық облигацияларды жылдық 11,0 % орналастырды. Сұраныс ұсыныстан 58 % -ға асып түсті. Тарту көлемінің 43,3 % -ын ЕДБ, 56,7 % - басқа институционалды инвесторлар сатып алды.

Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 1,1 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылдың бірінші жартыжылдығындағы нарық көлемінен екі есе жоғары.

Жалпы алғанда, инвесторлардың негізгі санаттары тұрғысынан екінші деңгейдегі банктердің шоттарында 19,9 %, брокерлік-дилерлерде - 3,4 %, басқа институционалды инвесторларда - 30,6 %, басқа заңды тұлғалардың үлесінде 46,1 % болды, жеке тұлғалар қатыспады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҰЛДАРЫ

01 шілдедегі жағдай бойынша инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары секторында сегіз компания басқаратын он бір құрал болды.

Өткен кезеңде сауда-саттықтың көлемі 1,2 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,0 есе немесе 794,1 млн теңгеге жоғары.

Қаржы құралы	Көлемі, млн KZT	Мәмілелер саны
US_SPY_	90,2	238
IE_FXBF	392,6	138
CSECfe	153,3	25
CSECgm	90,5	24
US_BIL_	390,6	23
FFIN_or	82,2	9
	1 199,34	457

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша 35,0 % жеке тұлғалар, 32,1 % - басқа заңды тұлғалар, 28,4 % - брокерлік-дилерлер және 4,5 % - басқа институционалды инвесторлар.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2020 жылғы 1 шілдесіндегі жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғаларға 122 353 жеке шот ашылды, бұл 2020 жылдың басымен салыстырғанда 4 658-ге артық.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі 5448,7 млрд. теңгеге жетті, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,1 % немесе 231,8 млрд. теңгеге төмен. 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 45,4 млрд. теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны - 367, бір мәміленің орташа көлемі - 123,6 млн. теңге болды.

Бірінші тоқсанда теңгенің валюта нарығындағы ахуалы жағымсыз болды. Бұған теріс сыртқы фон әсер етті (мұнай бағасының құлдырауы, тауар нарықтарының құлдырауы, экономикалық белсенділіктің бәсеңдеуі, жаһандық пандемия және жаһандық рецессия қаупі). Екінші тоқсанда теңге АҚШ долларына қарағанда біртіндеп нығайды.

Төмендегі кестеде биржада сатылатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңіне қатысты өзгеруді, шетел валютасының теңгеге шаққандағы орташа алынған айырбастау бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағам, базалық валюта бірлігіне айырбасталатын валютаның бағамы	Айдың соңындағы бағам (өзгеру %)
USD/KZT	13 340,56 (-10,3 %)	98,7 % (-0,6 %)	43 227 (+6 406)	375,94 – 448,50	404,07 (+5,6 %)
RUB/KZT	6 414,35 (+97,4 %)	0,7 % (+0,3 %)	379 (-111)	5,3929 – 6,2032	5,7614 (-7,0 %)
CNY/KZT	444,95 (x2,7)	0,5 % (+0,3 %)	374 (+7)	53,4087 – 64,5200	57,1705 (+4,1 %)
EUR/KZT	18,35 (-42,9 %)	0,2 % (-0,1 %)	95 (-36)	406,00 – 487,00	453,75 (+6,0 %)
EUR/USD	2,20 (-)	0,0% (-)	6 (+6)	1,0800 – 1,1005	1,0800 (-5,1%)

АҚША НАРЫҒЫ

Алты айдың қорытындысы бойынша сауда-саттық көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,4 % -ға немесе 745,7 млрд теңгеге төмендеп, 52 781,1 млрд теңгені құрады.

Бір жұмыс күнінде ашылған USD / KZT валюталық своп операциялары бойынша мәмілелерінің көлемі арқылы орташа сараланған кірістілік және мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты репо операциялары көлемі бойынша орташа сараланған мәнін көрсететін, ақша нарығының жиынтық индикаторы MM_Index, маусымның соңында 187 б.н. азайып, жылдық 8,2 % құрады.

KazPrime-3M (теңге) индикаторы 125 б.н. маусымның аяғында 10,25% -дан 11,50% -ға дейін өсті.

Қазақстандық банкаралық депозиттер нарығының индикаторлар тобы KIBOR, KIBID, KIMEAN Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне сәйкес келді.

Репо операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттықтың көлемі 46,1 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 23,1 % -ға артық. Мәмілелердің орташа күндік көлемі 384.5 млрд. теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны - 480, бір мәміленің орташа көлемі - 801.8 млн. теңгені құрады. Репо операцияларының едәуір бөлігі мемлекеттік бағалы қағаздар қоржынымен жасалған автоматты репо операцияларының үлесі - 97,7 %.

Бірінші жартыжылдықтың соңында TONIA индикаторы 180 б.н. төмендеп, жылдық 8,25 % құрады. TWINA индикаторы 82 б.н. төмендеуді көрсетіп, жылдық 9,19 % құрады.

Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі 2019 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 58,6 % -ға 6,6 трлн теңгеге дейін төмендеді. Мәмілелердің орташа күндік көлемі

55.3 млрд. теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны 21, бір мәміленің орташа сараланған көлемі 2,7 млрд. теңге болды. Инструменталды құрылымда валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 57,2 % (3,8 трлн. теңге немесе 9,7 млрд. АҚШ доллары) екі күндік валюталық своп операцияларымен (USDKZT_0_002), сауда-саттықтың жалпы көлемінің 40,9% құрады (2, Валюталық своп нарығындағы 7 трлн. теңге немесе 6,6 млрд. АҚШ доллары бір күндік валюталық своп операцияларының (USDKZT_0_001) үлесінде.

Ұзақ своп операциялар көлемі 20,3 млрд. теңгені (50,0 млн. АҚШ долл.) құрады, бір аптаға кірістілік диапазоны жылдық 8,25-9.5 % және айына кірістілік диапазоны жылдық 8,25-14,5 % 105,5 млрд. теңгені (265.0 млн. АҚШ доллары) құрады.

Бір күндік SWAP-1D свопының кірістілігі маусым айының соңында жылдық 7,59 % -ды құрады, жыл басынан бері 257 б.н. азайып, екі күндік SWAP-2D (USD) своп 161 б.н. жылдық 8,45% дейін азайды.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржаның осы секторында сауда-саттыққа фьючерстер қол жетімді, олардың базалық активтері АҚШ доллары, KASE индексі және акциялардың жеке атаулары болып табылады. 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында фьючерстермен бір мәміле: - F_USDKZT_200622 валюталық фьючерстері, базалық активінің бағасы 1000 АҚШ долларына, орындалуы 2020 жылдың 22 маусымында бір АҚШ долларына 405 теңге бағамен жасалды. Шілде айының басында сауда-саттыққа қатысушылардың деривативтер нарығында ашылған жайғасымдары болған жоқ.

COVID-19 КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНДЛЕТІНІҢ ТАРАЛУЫ ЖАҒДАЙЫНДА KASE ЖҰМЫСЫ

Азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау, коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің "Карантиндік шектеу шараларын енгізу туралы" 2020 жылғы 03 шілдедегі №44 қаулысына сәйкес, 2020 жылғы 03 шілдедегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының № 191 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Төрағасының "Қаржы нарығы субъектілерінің жұмыс режимі туралы" 2020 жылғы 3 шілдедегі № 275 бірлескен бұйрығымен, 2020 жылдың 5 шілдесінен бастап, жұмыс уақыты Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен 09:00-ден 17:00-ге дейін деп белгіленді.

Осыған байланысты, 2020 жылдың 07 шілдесінен бастап KASE биржалық нарықтарыдағы сауда-саттық, есеп айырысу және клиринг өткізудің уақытша ережелері мен шарттары белгіленді. 2020 жылдың 07 шілдесі мен 17 шілдесі аралығында шетел валюталары нарығында және валюталық своп операциялары бойынша сауда сессиясы сағат 10:15-тен 15:00-ге дейін, доллардың орташа бағамын 11:00-ге аралық белгілеумен, өткізіледі. Қор нарығындағы, репо нарығындағы және деривативтер нарығындағы операциялар - 10:00-ден 15:00-ге дейін. Клирингілік сессияның басталу уақыты 15:00, есеп айырысудың аяқталуы - 17:00.

KASE COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдап, қалыпты жұмысын жалғастыруда.

Биржа өз жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау мақсатында, COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуы аясында KASE жұмыс жоспарын жүзеге асырады. Бұдан басқа, Биржа қызметкерлеріне қашықтан қол жеткізу режимінде жұмыс істеу ережелері және эпидемияға қарсы тәртіптеме туралы нұсқаулық әзірленді.

2020 жылдың 14 шілдесіндегі жағдай бойынша, қызметкерлердің 50%-ы кеңседе ауысымдық жұмысты қамтамасыз ете отырып, қашықтықтан қол жеткізу тәртіптемесінде жұмыс істейді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) - Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы. ТМД биржалары арасында KASE бағалы қағаздармен сауда жасау бойынша екінші орында және FEAS қор биржаларының нарықтық капиталдандыру деңгейі бойынша алтыншы орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығындағы операциялар - репо және своптар, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы, заманауи технологиялары бар және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрін ұсынады.

KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуразиялық қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтардың мүшесі, сондай-ақ "Биржалар тұрақты даму үшін" БҰҰ Бастамасының қатысушысы. KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін ашық инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне белсенді түрде атсалысады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz